

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №1

Хаттама №1

Күні: 28.08.2024 жыл

Қатысқандар: 31

Қатыспағандар: 2

«Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2024 – 2025 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау.»

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Жазғы сауықтырудың нәтижелері.
3. 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау:
 - мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау;
 - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
 - педагог қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп және біліктілік санаттары;
 - балалардың кешенді қауіпсіздігінің стратегиясы: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек?
4. Бекіту:
 - вариативті, жеке, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды, ҰІӨ, күн тәртібінің регламентін;
 - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау;
 - 2024 – 2025 оқу жылында педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
 - үйірме жұмысының циклограммаларын;
 - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;
 - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау;
 - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту.
5. Ата-аналармен жүргізілетін (заңды өкілдермен) жұмыстың жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші болып балабақша меңгерушісі Саутбекова Жибек Алтаевна сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін оқыды. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Балабақшамыздың қаланың барлық балабақшаларының арасындағы рейтингі анықталды. Рейтинг бойынша көрсеткіштің неліктен төмен немесе жоғары болуының себебін түсіндірді, осы бағыттағы жұмыстың негізгі перспективаларын белгіледі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Гульнар Шакеновна сөз сөйледі. Балабақша мейірбикесі балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп беріп, осы жазда шуақты

күндердің көп болғандықтан және балалардың ашық су айдындарында шомылуына мүмкіндік көп болғанына байланысты бұл олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы кезеңде ауладағы бассейнде жүзу ҰІӨ өткізілді (егер бар болса, жазғы кезеңде үрлемелі бассейндерді ұйымдастыруға болады). Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Мәзірге балғын шырындар, жемістер, көкөністер енгізілді. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі орташа және төмен қарқынды ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін: «бірауыздан» – 31; «қарсы» – 0; «қалыс қалғандар» – 2.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Атыгаева Айгерим Толеухановна сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

Шешім: 2. Балабақшаның 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарының жобасы бекітілсін және негізге қабылдансын:

«бірауыздан» – 30; «қарсы» – 0; «қалыс қалғандар» – 1.

- Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жибек Алтаевна сөз сөйледі.

Шешім: 3. Вариативті, жеке, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды, ҰІӨ, күн тәртібінің регламенті бекітілсін.

Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін.

Педагог қызметкерлердің 2024– 2025 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру жоспарлары және үйірме жұмысының циклограммалары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы бекітілсін: Саутбекова Ж.А., Жамантаева А.К.

Инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың мынадай құрамы бекітілсін: Иманкулова А.Б., Дастанова А.Е., Искакова З.К., Акимжанова А.М., Баракова З.Н., Чакаева Э.С., Оксикпаева А.К., Нурлыбаева М.Б., Абилмансурова М.К.

«бірауыздан» – 31; «қарсы» – 0; «қалыс қалғандар» – 2.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Айгерим Толеухановна сөз сөйледі. Ол балабақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін ескертті.

Шешім: 4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын:

«бірауыздан» – 30; «қарсы» – 0; «қалыс қалғандар» – 1.

Педагогикалық кеңестің төрайымы
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.Саутбекова

А.Жамантаева

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №2

Хаттама №2

Күні: 26.11.2024 жыл

Қатысқандар: 30

Қатыспағандар: 3

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар негізінде балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу»

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

Меңгеруші Саутбекова Ж.А

2. Шеберлік сынып: «Балалардың қауіпсіздігі – ортақ міндет»

Тәрбиеші: Канаева С.С

3. Шеберлік сынып

«Мектеп жасына дейінгі балалармен тіл дамыту жұмыстарын ұлттық құндылықтар негізінде жүргізу жолдары»

Тәрбиешілер: Бегешева С

Ишанбаева А.А

4. Іс-тәжірибеден

«Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту»

Тәрбиешілер: Акимжанова А.М

Иманкулова А

5. Фронталды бақылау: «Балабақшадағы тәрбиелеу–білім беру жұмыстарының құжаттары»

Әдіскер Атыгаева А.Т

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Саутбекова Ж.А – Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, талдау жасады. Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен әдістемелік нұсқау хат назарға алынып, бекітілген болатын. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы ұйымдастырылып өткізілуде. Сонымен қатар, барлық топтардың тәрбиешілері және пән мамандары 2024-2025 оқу жылына бекітілген перспективалық жоспарларға сәйкес жұмыстарын жасауда.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша тәрбиешісі Канаева С.С Қазақстанымыздың болашағы жарқын болу үшін парақорлықтан сақ болуды, оны індет деп есептеу керектігін айтты. Балабақша ұжымына «Балалардың қауіпсіздігі – ортақ міндет» атты бейнероликтер көрсетіліп, педагог-тәрбиешілер өз араларында пікірталалас, сұрақ-жауаптар болды.

«Балалардың қауіпсіздігі – ортақ міндет» психологиялық тренинг өткізілді.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Акимжанова А.М - Кез-келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау

тәсілінің, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс.

Бала тілді, ең алдымен, ересек адамдармен әңгімелесуде қолдана бастайды. Бұл жастағы балалар суреттегі өздеріне жақсы таныс қарапайым сюжеттерді түсінеді, сонымен қатар, ересектердің кейбір сұрақтарына да жауап бере бастайды. Бала үшін тіл қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау құралы, ал ересектердің тілі балаларды тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады. Белгілі психолог А.Н.Леонтьев бала тілінің дамуын 4 кезеңге бөлген: I кезең – дайындық – 1 жасқа дейін; II кезең – тілді бастапқы меңгеру мектепке дейінгінің алдыңғы кезеңі – 3 жасқа дейін; III кезең – мектепке дейінгі кезең – 6 жасқа дейін; IV кезең – мектептік – 17 жасқа дейін.

Баланың алғашқы ұстазы ата анасы, ағалары мен апайлары, тәрбиеші ұстаздары. Олармен күнбе күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн сайын жетіле береді. Баланың тілі бай болса, ойы да жақсы дамиды. Мазмұны терең, тілі көркем, оқуға жеңіл, тез үзінділер оқып үйрену, үйренгендерін өз сөздерінде қолдана білу балалардың сөздік қорын молайтады. Оларды жүйелі ойлауға, ойын дұрыс түсіндіруге жаттықтырады.

Баланың ақыл-ой дайындығының компоненттерінің бірі — жеткілікті дамыған тіл. Баланың тілі жетілдіру үшін алдымен баланы дұрыс сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айта білуге үйрету, оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту. Бұл ретте тәрбиеші балалармен сөйлесу барысында сөйлем мүшелерін қолдана білуіне тәрбиешінің қойған сұрақтарын түсініп, оған толық жауап беруге, өзіне таныс ойыншық, тағам, киім-кешек, қоршаған ортадағы әлемге соның ішінде бау-бақша, жан-жануарлар, өсімдік-жемістер, адамдар, бір ауланың балалары, тіпті балабақша қызметкерлері туралы кім не істейтіні жайлы түсінігі болып, олар жайлы әңгімелей білуге үйренуі тиіс.

Сонымен қатар тәрбиеші Иманкулова А. - Мектепке дейінгі кезеңде балалардың көбінде дұрыс емес дыбыстау байқалады. Ысқырық, ызың, үнді дыбыстарды айту кезінде, сирек жұмсарту, қатаңды ұяңға айналдыру, тіл кемістіктерін байқауға болады. 4-тен 5 жасқа дейін бала барлық дыбыстарды меңгеру және олармен дұрыс қолдану қажет. Егер де бала дыбыстарды бұрмаласа, онда оған арнайы көмек керек, яғни арнайы түзету. Дыбыстардың бұрмалануы әр жаста дизонтогенездің белгісі болып келеді. 3 және 7 жас аралығында балада өзінің дыбысталуын есту арқылы бақылау дағдысы, кейбір мүмкін болған жағдайда оны түзету білігі қарқынды дамиды, яғни фонематикалық қабылдауы қалыптасады. Бұл кезеңде белсенді сөздік қоры 4-6 жасқа қарай 3000-4000 сөзге дейін жетеді. К.Д.Ушинский еңбектерінде тілді сезінуге ерекше мән берген. Ғалымның зерттеуінен баланың сөздегі екпін орнын, грамматикалық айналымды, сөйлемдегі сөздердің байланысу тәртібін еске түсіреді. Сөздік қордың дамуымен қатар сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы да дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балалар тілінің дамуын зерттеген ғалымдардың пікірлерінше, олардың сөздік қоры мына түрде: екі жастағы балалардың сөздік қоры-500 сөзден астам, үш жастағы балалардың сөздік қоры шамамен-1200, төрт жастағылардың сөздік қоры-1900, алты-жеті жастағылардың сөздік қоры 2500-3500 сөз мөлшерінде болады екен.

Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, оқу іс – әрекеттерінде педогог-тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін тәрбиеші-педагог алдында тұрған балаға ертенгі мектеп оқушысы деп қарап, баланың мінез құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек. Сондықтан осындай ерекшелігін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жүргізу қажет.

Тіл — қоғамдағы адамдардың бір — бірімен пікір алысып, қарым — қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан — ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, бала — бақшаның қажырлы еңбегі

орасан. Бала — бақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі — баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Ишанбаева А.А - Бүгінгі таңда білім беру мен тәрбие жүйесін қоғам сұраныстарына сәйкес жаңарту мен дамыту мәселелері өзекті болып отыр. Осы орайда, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеу жүйесін сүйіспеншілікке негіздеу, оларды адамгершілікке тәрбиелеу ең негізгі міндеттердің бірі. Себебі ерте жастан сүйіспеншілік пен құрмет көріп өскен баланың болашағы жарқын болатынын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Жан-жақты тәрбие беру адам өмірінің балғын шағынан басталуы тиіс. Бұл ретте мектеп жасына дейінгі мекемелер жетекші роль атқарады. Мектепке дейінгі кезең – қоршаған дүниені белсенді түрде тани бастайтын уақыт. Бала біртіндеп бөлмедегі, үйдегі, балабақшадағы, көшедегі заттармен танысады. Анықтап көріп олардың қасиеттері мен сипаттарын таниды, тану, ойлау қабілеттері қалыптасады. Сондықтан олардың ойлау белсенділігін тудыратын ойыншықтарды, ойын түрлерін тәрбие беру процесінде кеңінен қолданамыз.

Әрбір халықтың өзіне тән ұлттық құндылықтары қалыптасады. Соның ішіне біздің халқымызға тән ұлттық құндылықтың өрісінің кеңейіп, қанат жаюы ауыз әдебиетінің асыл мұраларынан бастау алады. Жастайынан жыр жаттап, шешендік даналық асыл сөздерді бойына сіңіріп, ертегіге еліктеп өскен, ұлттық бұлақтан сусындап нәр алған бала ешқашан ұлттық келбетін жоймайды. Рухани уызға жарыған бұл бала мейірім махаббатына шомылып, қайырымды болып өседі.

Жас өркеннің азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі де жауапты, ол білім беру жүйесі. Заман талабына сай білім беру жүйесінің басым бағдары жеке тұлғаның рухани адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне басты назар аударуында.

Біз, ұстаздар қауымы алтын күн мекен еткен ұлы даланың ұланын, көкте қалықтар қыранын тәрбиелеу бақыты бұйырды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2030 жылы Азия барысына айналады» деген даналықт сөзіндегі қар барысын идеал тұтуының өзі көрегендігінің белгісі емес пе ? Өйткені бір кездегі қойдай момын қазақ халқына, тұлпардай тектілікті тән деп деп бағаласақ, бүгінде қарлы тау сілемдерін мекен қылған қар барысын идеал етуі, ХХІ ғасырдың қарыштап қадам басқан жастарының жарқын болашағына деген сенімділігінің айғағы деп білемін.

Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жөн дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, қайырымдылық қасиеттерді сіңіру керек. Өйткені адам өміріндегі қымбат көз қуанышы – бала. Б.Момышұлы «Баласын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын, екінші немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқамын, үшіншіден достарын сыйлай білмейтін балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Қолына қылыш берсе шауып тастауға даяр, қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан әже, әке жоқ» деген екен. Олай болса, осынау аталы аманатының астарына көз жүгіртіп, жан-жүрегімізде орнықты орын берейік.

Адам асыл қасиетті үйрене отырып, рухани тәрбие алады. Мейірімділіктің негізі қаланады.

Бегешева С – мен алған қысқамерзімді жобаның тақырыбы «Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту».

Мақсаты: Балалардың бойына ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сыйлауға үйрету; үлкенді құрметтеуге, тәрбиелеу; ұлттық құндылықтар мен рухани адамгершілік, имандылық қасиеттерді қалыптастыру. Балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту

Жобаны жүзеге асыру жолдары:

Мақал-мәтел, нақыл, тыйым сөздер арқылы ұлтымызға тән терең ой, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып тіл көркендігін сақтауға үйрету.

Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт дәстүрлерді үйрете отырып, өз ұлтының ұлттық құндылықтарына үйретеміз.

Ойындар арқылы балалар өседі, дамиды. Үлкендерге еліктен өз ойын еркін айта алады. Еркіндік арқылы балаларды барлық дамудың баспалдағына жетелейміз.

Отбасы мен балабақша қарым-қатынасы арқылы ізгілік, қайырымдылық, тектілік, ұлттық сана сезім, қадір қасиетке тәрбиелеміз.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Атыгасева А.Т - балабақша әдіскері балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісіндегі перспективалық жоспарды жыл бойы жас ерекшеліктеріне сай әр топтың балалары меңгеруге тиісті бағдарламада көрсетілген көрсеткіштерге сай құжаттары тексерілді. Балабақшамызда кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтардағы тәрбиешілердің және пән мамандарының перспективалық жоспарлары бағдарламаға сай құрылған. Апталық циклограмманы толтыруда орын алған кемшіліктер бойынша кеңестер берілді. Педагогтер өздерінің апталық циклограммаларын құруда әр топтарға жеке жасау керектігі бойынша кемшіліктер орын алды. Тәрбиешілердің негізгі құжаттары - перспективалық жоспар, циклограмма, балалардың жеке даму карталары уақытысында толтырылып отырғанымен орын алған кемшіліктерді тәрбиешілер мен педагогтер қайтадан түзету жұмыстарын жүргізді.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет кестеге сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, бейнелеу өнері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Сөз соңында циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптарды атап өтті. Аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау, әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілікпен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану, әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны құру басты міндетіміз.

Шешім:

1. Әр топта балалармен жас ерекшеліктеріне сай ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Балабақша балаларын адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналар өз балаларының ең басты ұстазы екендігін ескере отырып, балабақшадағы тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналар қатыстырылсын.
3. Педагог-тәрбиешілер әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын, жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып ұйымдастырсын
4. Балалардың денсаулығын нығайтуда күнделікті сауықтыру шынықтыру шаралары дұрыс өткізілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы,
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.Саутбекова

А.Жамантаева

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №3

Хаттама №3

Күні: 30.01.2025 жыл

Қатысқандар: 30
Қатыспағандар: 5
Себеппен: 4
Себеппіз: 1

Күн тәртібінде:

- №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына талдау
Меңгеруші Саутбекова Ж.А
- Жалпы балабақша бойынша балалар жарақаттануының I жарты жылдық есебі
Медбике Рахимова Г.Ш.
- Шеберлік сынып.
Мектепалды топтарда қолданылатын дамытушы ойындар
Тәрбиеші Тагаева А
Тәрбиеші Аманжолова Г
- Іс-тәжірибеден
Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады
Дене тәрбиесі нұсқаушылары Мұхтарқызы С
Шегебаев Ф.Ф.
Кожасметов А.С.
- 2026 жылы педагог қызметкерлерді аттестаттау ерекшеліктері
Әдіскер Атыгаева А.Т
- №3 педагогикалық кеңес шешімі
Меңгеруші Саутбекова Ж.А

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Саутбекова Ж.А №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, талдау жасады. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы өткізіліп, барлық іс-әрекет түрлері бағдарлама мазмұнын, жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып ұйымдастырылған. Балабақша балаларын адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналар өз балаларының ең басты ұстазы екендігін ескере отырып, балабақшадағы тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналар қатыстыру мақсатында ересек пен мектепалды топ тәрбиешілердің ұйымдастыруымен ата-аналарға арналған «Ұлттық құндылықтарға негізделген дамытушы ойындар» тақырыбында шебер сынып өткізілді.

2. СӨЗ АЛДЫ: медбике Рахимова Г.Ш.

Балабақшада балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету маңызды. Балабақшамызда соңғы 6 ай ішінде бала денсаулығына зақым келетіндей жағдайлар тіркелген емес. Алайда, кез келген жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін тәрбиешілер мен қызметкерлер негізгі ережелерді білуі керек. Бала денсаулығына зақым келген жағдайда балабақша медбикесін шақыру, алғашқы көмек беру, жедел жәрдем шақыру тәрбиешілердің бірінші іс-әрекеттері болып тиіс. Егер де медбике балабақша ғимаратында

болмай қалған жағдайда төмендегі жағдайларға катысты нұсқаулыққа сай іс-әрекеттер жүргізген дұрысу

1. Жарақаттар – жарақат орнын таза сумен жуу. Антисептикпен өңдеу. Қан кетіп жатса, таза таңғыш қою. Қажет болған жағдайда медициналық қызметкерді шақыру.

2. Мұрыннан қан кету – баланы басын алға еңкейтіп отырғызу. Мұрынға салқын компресс қою. 10 минут ішінде қан тоқтамаса, дәрігер шақыру.

3. Күйік – зақымдалған жерді салқын суға ұстау. Май немесе майла жақпа жағуға болмайды. Қызару немесе күлдіреу пайда болса медициналық көмекке жүгіну.

4. Улану – баланың жағдайын бақылау. Егер бала химиялық зат жұтып қойса құстыруға болмайды! Желе жәрдем шақыру.

5. Есінен тану – баланы тегіс жерге жатқызып, аяқтарын сәл көтеру. Бетін суық сумен сүрту немесе нашатыр спирті иіскету. Есіне келмесе, жедел жәрдем шақыру.

6. Тыныс алудың қиындауы – баланы еңкейтіп, арқасынан қағып, бөгде заттың шығуына көмектесу. Егер нәтиже болмаса, Геймлих әдісін (іш аймағынан қысу) қолдану. Тыныс алмаса, шұғыл медициналық көмек көрсету (жасанды тыныс беру)

Балабақша қызметкерлері алғашқы көмек көрсету ережелерін жақсы білу және төтенше жағдайларда жылдам әрекет етуі қажет. Сонымен қатар, медициналық қорапша (аптечка) әрдайым қолжетімді болуы керек.

3. ТЫҢДАЛДЫ: ортаңғы «Актиін» тобының тәрбиешісі Тагаева А.

Ойын баланы жан жақты дамытудың негізгі құралы болып табылады. Ойын арқылы баланың қызығушылығы мен танымдылығы оянады, ой өрісі, шығармашылық қабілеттері ұшталып, білімдері дамытылады. Бүгін өзім қолданатын, балаларыма ойнататын бірнеше дамытушы ойындарын сіздерің назарына ұсынғым келіп отыр.

«Кім бірінші?» дамытушы ұлттық ойыны. Ұлттық ойын арқылы балалардың ұжымдасып ойнау дағдылары қалыптасады, дәлдікке, ептілікке және шыдамдылыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетіне қызығушылығын арттырады.

«Шебер тігінші» ойыны. Зейін қою қабілетін арттырады. Саусақ икемділігін жақсартады. Шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Жіп өткізу және түйме тігу арқылы еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелейді.

«Тасбақаның тапсырмасы» ойыны. Таяқшаларды алу, қою, орналастыру арқылы саусақтардың ұсақ моторикасы дамиды, санның үлкен кішілігін анықтауға екі топтағы заттарды салыстыруға үйретеді. Берілген санға сәйкес таяқшаларды дұрыс санауға және орналастыруға үйретеді.

«Кім жылдам?» ойыны. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйретеді. Ойын барысында жеңу мен жеңілу түсінік қалыптасып, жеңгенде қуануды, жеңілгенде сабыр сақтауды үйретеді. Сондай-ақ достықпен ойнауға және бір-бірін құрметтеуге дағдыланады.

«Домала шар!» ойыны. Баланың ұсақ моторикасын дамытады. Қол мен көздің үйлесімді жұмыс істеуін жетілдіреді. Зейінін шоғырландыруға және шыдамдылыққа үйретеді. Логикалық ойлау қабілетін дамытады. Қозғалыс дәлдігін арттырады.

«Сиқырлы жіптер» ойыны. Балалардың қол икемділігін дамытады. Тоқыма өнеріне баулып, ұлттық колөнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Қиялын дамытып, түстерді үйлестіру қабілетін жетілдіреді. Ұқыптылық пен сабырлықты, назары мен шыдамдылықты арттыруға көмектеседі.

СӨЗ АЛДЫ: мектепалды «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Аманжолова Г

Өзіме дамыту ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі баланың танымдық әрекетін арттыру деген мақсат алдыма қойдым. Ойнау арқылы баланың қабілеті дамиды. Бала ұқыптылыққа үйренеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиеленеді. Бала тез әрі терең ойлау қабілетін дамытады. Бала ақ қағаз секілді. Балаға қалай тәлім тәрбие беріп өсірсек, бала солай болашақта өседі. Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі дей отырып, дамытушы ойындар арқылы баланың ойлау қабілетін дамытуымыз керек.

Педагог қызметкерлердің назарына «Математикалық есептер», «Дыбыстарды ажырату», «Пішіндерді ажырату», «Логикалық тапсырмалар», «Жеміспен тамақтандыр», «Тенге ілу», «Бәйге», «Қолшам», «Ойлан, тап!», «Қыз қуу» дамытушы ойындар ұсынылды.

Педагог-тәрбиешілер ойын ойнап көріп, өз ойлары мен ұсынымдармен бөлісті.

4. ТЫҢДАЛДЫ: дене тәрбиесі нұсқаушылары Мұхтарқызы С, Шегебаев Ф.Ф., Кожаметов А.С.

Алаштың ардақтысы Мағжан Жұмабаев: «Ойын - бұл өмірлік тәжірибе» деген екен. Расымен де, бала ойнап жүріп шынығады. Жүгіреді, секіреді, жарысады, ұтады, ұтылады, қиындықтарды еңсереді, осылайша болашақ өмірге бейімделеді.

Ұлттық ойындар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған екен және балаға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке және адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен.

Жалпы дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ұлттық ойындарды бірнеше түрін қолданамыз, атап айтсақ, «Асық ату», «Ханталапай», «Арқан тартыс», «Ақ серек-көк серек», «Қол күрес», «Итеріспек», «Қол тартыс» (қыздарға).

Ұлттық ойындардың мақсаты: ұлттық сана, ұлттық таным қалыптастыру, ұлттық құндылықтарымызды ойын арқылы насихаттау.

Сонымен қатар, ұлттық ойындар барысында балаларға мақал-мәтелер айтылады, мысалы

1. «Асық ойнаған - озар, доп ойнаған - тозар»

2. «Құтты қонақ келсе - қой егіз табады»

3. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар»

Педагог-тәрбиешілердің назарына «Ханталапай» ойыны ұсынылады.

Ойынның мақсаты: қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамыту, топта жұмыс істей білуін қалыптастыру, патриоттық сезімдерін және Отанға деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Ойын барысы: «Талапай-ау, талапай, басталды ойын алақай!» деп қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады. Балалар жарыса «Алақай!» деп дауыстап, асықтарды таласып бөлісіп алады.

Ойынға 4-5 жасар ересек тобының балалары қатысты. Балалар жинаған асықтарын санайды. Шашылған асықтарды кім аз жинап алса, сол жеңілген болып есептеледі. Әр бала ойынға 5 асықтан тігіп, оларды атуға дайындалады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастап, асықтарды атады. Тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, ойын жүргізушінің тапсырмасына жауап береді. Ол үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интеллектуалдық тапсырмалар алдын-ала дайындалады. Сұраққа дұрыс жауап берген бала тағы да ату мүмкіндігіне ие болады.

Екінші рет тигізе алмаған жағдайда, өз кезегін келесі асығы көп балаға береді. Егер бала сұраққа жауап бере алмаса, басқа балалардың жауап беруіне болады. Бұл жағдайда асықты ату кезегі дұрыс жауап берген балаға беріледі. Ойын осылайша жалғаса береді. Ойын соңында әр бала ұтқан асықтарын санайды.

Айтқанда, сөзі өтетін, атқанда оғы жететін ұрпақ тәрбиелеу үшін ұлттық ойындарды ойнатайық!

5. СӨЗ АЛДЫ: әдіскер Атыгаева А.Т

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаттары мен шарттары» №83 бұйрығындағы негізгі өзгерістерге тоқталды.

Педагог қызметкерлер аттестаттау рәсімінен өтеді:

1) «Ұстаз» платформасы арқылы -

«педагог-модератор», «педагог-сарапшы»;

2) электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы – басқа санаттағы мұғалімдер.

ПББ пәндік құзыреттер бойынша жүзеге асырылады

(Пәндік білім – 50 тапсырма)

Барлық лауазым педагогтері ПББ тапсырудан және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан босатылады:

9. Бейіні бойынша 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша бұрын берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді.

Біліктілік санатын арттыру кезінде - жалпы негізде өтеді.

* Бейіні бойынша 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар, сондай-ақ ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санатты педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді.

"Педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.

* Барлық лауазымдардың педагогтері "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын растау кезінде ПББ тапсырудан босатылады, қызмет нәтижелерін екі реттен артық емес кешенді жалпылаудан өтеді.

Аттестаттаудан өту үшін педагог ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

52. Педагог қызметінің және жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізіледі. Материалдарға (портфолиоға) педагогтің эссесі қосылады. Эсседегі сөздердің саны 250-300 (екі жүз елу – үш жүз) сөзден құралу керек. Эссе тақырыптарын жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

61. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ ПББ өтудің шекті деңгейіне жетпеген жағдайда педагогке: біліктілік санатын растаған жағдайда бір деңгейге төмен; біліктілік санатын беру жағдайында ПББ нәтижелерінен жоғары емес біліктілік санаты беріледі.

62. Біліктілік санатын беру (растау) біліктілік сипаттамаларына және кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік санатынан өту мерзімдері мен бірізділік принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады:

Педагогикалық кеңестің төрайымы
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.Саутбекова

А.Жамантаева

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншұақ» бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №4

Хаттама №4

Күні: 28.03.2025 жыл

Қатысқандар: 30

Қатыспағандар: 5

Себеппен: 4

Себепсіз: 1

Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына талдау
Меңгеруші Саутбекова Ж.А.
2. Шеберлік сынып
Ата-аналарды балабақшаның жұмыстарына тарту әдістері
Тәрбиеші Абилмансурова М.К.
3. Ата-аналармен сөйлесу мәдениеті. Ата-аналар арасында дау-дамайды шешу жолдары.
Әдіскер Атыгаева А.Т.
Педагог-психолог Мусабеева Д.Е.
4. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің жұмысы
Әдіскер, дефектолог, логопед,
педагог-психолог
5. №4 педагогикалық кеңес шешімі
Меңгеруші Саутбекова Ж.А.

1. ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Ж.Саутбекова – Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, талдау жасады. Балабақшаның тәрбиелеу-білім беру процесінде ұлттық құндылықтарға негізделген дамытушы ойындар кеңінен қолданатыны айтылды. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы ұйымдастырылып өткізілуде.

2. СӨЗ АЛДЫ: тәрбиеші Абилмансурова М.К.

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамдағы ең ірі, маңызды мәселе болып тұр. «Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сінеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру. Баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу. Ата-аналарға балалармен жұмыстың дағдыларын қалыптастырып, ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен заманауи модельдерін қолданған дұрыс болмақ.

Ата-анамен бірігіп жұмыс жасау тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, баламен қарым-қатынастары жақсарады. Ата-анамен бірігіп жұмыс жасауда тәрбиеші жұмысты әр түрлі бағытта жүргізіп, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдерінің» түрлері:

Ата-аналар конференциясы

Ата-аналар бұрышы

Сұрақтар мен жауаптар кеші

Ата-анамен жеке жұмыс

Тренингтер

Көрмелер

Отбасылық сайыстар

Тәрбиелеудің үш көзі

Ашық есіктер күні

Сауалнама жүргізу

Бақытты отбасы газеті, отбасылық альбомдар

Ата-аналар конференциясы : конференцияның негізгі мақсаты –отбасылық тәрбиелеудің тәжірибесімен бөлісу.

Ата-аналар бұрышы: ақпараттық насихаттаудың бірден бір көзі. Ата-аналар бұрышының материалдарын мазмұны бойынша екі бөлімге бөледі:

-Ақпараттық сипаттағы материалдар: ата-аналарға арналған ереже, күн тәртібі, әртүрлі сипаттағы хабарландырулар.

-Балабақша мен отбасында бала тәрбиесі сұрақтарын жариялайтын материалдар. Онда баланы дамыту мен тәрбиелеу бойынша ағымдағы жұмыс көрінеді.

Сұрақтар мен жауаптар кештерін өткізу заманауи кезеңдегі тағы бір қызықты формалардың бірі болып табылады . Бұл форма бала дамуындағы кейбір мәселерді талқылауға мүмкіндік береді. Ата-аналар сұрақтарына жауап бере отырып , педагог ата-аналарға кәсіптік көмек беруге тырысады.

3. ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Атыгаева А.Т.

Сөйлеу–қоғамдық сипаты мол қасиет. Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасат өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады. Кей жағдайда үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастардың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады.

Адамның жеке басының мәдениеті сөйлеуде айқын және дәлірек көрінеді. Қазір жастар ортасында адам туралы идея, әдетте, онымен қарым-қатынас кезінде, яғни коммуникативті ортада қалыптасады. Сондықтан қазіргі қоғамда қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу оның басым міндеттерінің бірі болып табылады. Айта кету керек, заманауи гаджеттерді, әлеуметтік желілерді өмір тәжірибесіне енгізу арқылы жеке қарым-қатынас бірнеше жыл бұрынғыдай маңызды және толық болмайды. Интернетте қарым-қатынас жасау және достар табу әлдеқайда оңай, кейде әңгімелесушімен "желіде" сөйлесуге бірнеше сағат жұмсайды, бірақ сонымен бірге өмірде сөйлеспей-ақ, онымен ешқашан кездеспейді. Сондықтан бала кезінен бастап адамның қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру өте маңызды, сондықтан ол болашақта дамып, тұлғааралық қарым-қатынаста оған көмектеседі. Қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру өте күрделі және уақытты қажет ететін процесс. Әдетте, ол екі негізгі әлеуметтік институтта - отбасы мен балабақшада жүзеге асырылады

Тыңдалды: педагог-психолог Мусабеева Д.Е.

Мектеп пен балабақша арасындағы қарым-қатынасты туыстық деп атауға болады. Алдымен біз кездесуді күтеміз, дайындаламыз, бірақ содан кейін көңілсіздік, реніш және тіпті ашулану пайда болуы мүмкін. Жанжалдар шешіледі немесе екеуі түзетіледі, енді мұғалім жаман болып көрінбейді, ал ата-ана төзімсіз. Айта кету керек, шынымен қайшылықты ата-аналар көп емес. Көбінесе наразылық ата-аналардың бірлескен чаттарында төгіліп, балабақша ауласында "сүртіледі". Меңгерушіге немесе әкімшілікке аз жазылады.

Егер ашуланған ата-ана сізге келіп, баланың құқығын қорғауға дайын болса, онымен қарым-қатынастың осы он ережесін қолданыңыз.

Ата-ананы атымен атаңыз

Аты-адамның құлағына ең жағымды дыбыс. Олар мені шақырғанда, олар мені көреді, мен бір нәрсені айтамын. Егер тәрбиеші-педагог ата-анасының атын есіне алса, онда бұл оның пайдасына үлкен плюс. Есіңізде жоқ аты? Сұраңыз! "Мен сізге хабарласқаным сізге қалай ыңғайлы (жағымды) болады?». Әңгіме басында "ыңғайлы/жағымды" кілт сөз ата-ананың ашуланшақтық дәрежесін төмендетуге көмектеседі. Ол өрескел бөлшектеу күтеді.

Күліңіз

Қаншалықты қиын болса да, ата-ананы күлімсіреп қарсы алыңыз. Күлімсіреу қуаныштың терең тамырына ие. Бала анасының күлкісіне жауап береді. Сондықтан, барлық коммуникациялық тренингтерде сіз күлуге кеңес таба аласыз. Әңгіме барысында емес, кездесу кезінде міндетті. Біздің міндетіміз - мәселені эмоциямен емес, ақылмен шешу үшін ата-ананы орналастыру.

Ата-ананы отыруға шақырыңыз

Бұл тағы бір қабылдау. Ашуланған кезде біз өзімізді "жоғарыда" және "жоғарыдан" көреміз. Егер ата-ана үстелге отырса және сіз тәрбиешінің орнында қалсаңыз, онда позициялар автоматты түрде өзгереді, ал ата-ана мұны бейсаналық деңгейде сезінеді. Нәтижелі сөйлесу үшін, қарама-қарсы орында отырыңыз, бірақ сіздің араңызда кедергі (орындық, үстел) бар. Мұндай визуалды кедергі өзіңізді сенімді сезінуге көмектеседі.

Белсенді тыңдау әдістерін қолданыңыз

Қайталаңыз "Мен сіз дұрыс түсіндім? Сіз ойлайсыз...". Бұл әдіс ата-ананың эмоцияларының қызуын азайтуға көмектеседі, ол естігенін түсінеді. Екіншіден, ата-ана өз нұсқасын басқа аузынан тыңдап, жағдайға сырттан қарайды.

Жағдайдың нұсқасын басқаша айтыңыз

Егер жанжал болса, басқа баланың немесе педагогтің екінші жағын баяндаудың ортасына қойыңыз. Ата-ана баласын жәбірленуші, ал қалғанын залымдар ретінде көреді. Екінші Тараптың себептері туралы айтып беріңіз. Кейде бұл нағыз жаңалық болады.

Мәселені шешуге асықпаңыз

Бұл сіз жауапкершілікті қабылдағаныңызды білдіреді. Ата-анаңыздан мәселені отбасында қалай шешкендігі, қандай әрекеттер жасалғандығы, қаншалықты жиі, нәтижесі қандай екендігі туралы қалай толығырақ сұраңыз? Тағы не жасауға келеді? Ата-ана тәрбиешіден не қалайды? Осыдан кейін ғана қиындықты шешу туралы өз пікіріңіз бен ұсыныстарыңызды айтыңыз. Осылайша, сіз шешім үшін жауапкершілікті толығымен қабылдамайсыз, бірақ оны ата-анаңызбен бөлісесіз.

Баланы сынамаңыз

Есіңізде болсын, ата — ана психологиясы "егер менің балам жаман болса, бұл менің жаман ата — ана екенімді білдіреді және автоматты түрде бұл менің жаман адам екенімді білдіреді" деген сенімге негізделген. Заңсыздықты сынға алыңыз, баланың және ата-ананың жағымды қасиеттерін көрсетіңіз. Бұл ата-ана үшін тікелей ынталандыру және менің баламнан басқа бәрі кінәлі екенін дәлелдеуге деген ұмтылыс болады.

Мүмкіндік болса, әріптестеріңізді шақырыңыз немесе кабинеттің есігін жаппаңыз

Тіпті ең құлшынысты жанжалистер де көрермендерді ұнатпайды. Әрине, бұл сіздің балаларыңызға қатысты емес. Балаларға қатысты шағымдарды тыңдаудың қажеті жоқ.

Әңгіме үшін ата-анаға рахмет

Бұл шын мәнінде. Көптеген ата-аналар проблемаларды шешуден бас тартады

Ата-ананың барлық сөздерін өз есебіңізге қабылдамаңыз

Біреуінің пікірі-біреуінің пікірі. Ата-ана патологиялық қайшылықты тұлға бола алады. Ақыр соңында, сіз барлық адамдарға ұнай бермейсіз және сіз бәріне ғана ұнай алмайсыз. Сіздің міндетіңіз - ата-аналармен дос болу емес, балаларды тәрбиелеу және оқыту, және бұл жағдайда ата-ана Сіздің серігіңіз болады. Әрине, егер ол баласының білім алуына мүдделі болса.

4. СӨЗ АЛДЫ:

Консультациялық пунктте ата-аналар мен балаларды қызмет көрсету үшін балабақшаның келесі мамандары тартылады: әдіскер, педагог-психолог, педагог-логопед,

педагог-дефектолог, медбике. Мамандар өздерінің құзырлылық деңгейінде ата-аналарға ұсыныстар және кеңестер береді. Аға тәрбиеші бала дамуы мен тәрбиесі саласында мәселелерді шешуге көмектеседі, ересектерді балалармен әртүрлі сабақтарға оқытады. Педагог-психолог мектепке дейінгі баланы балабақша жағдайына бейімдеуге ықпал етеді, ата-анаға баланың даму заңдылығын түсіндіреді, кездескен мәселелерді шешу жолдарын анықтайды. Мұғалім-логопед бала тілінің даму деңгейін анықтайды және ата-анаға бала тілінің кемістігін жоюдың жолдарын, тілдік ойындар мен жаттығуларды, оларды дұрыс қолдануды ұсынады. Медбике ата-аналарға баланың дұрыс тамақтану сұрақтары бойынша кеңес береді, балаға күн тәртібін қоюға көмектеседі. Сонымен бірге, ол әртүрлі аурулардың алдын-алу бойынша ұсыныстар беріп, ата-аналарды дене шынықтыру процедураларына үйретеді.

Көмек тегін көрсетіледі. Ата-аналар консультациялық пунктке келген бойда кеңес ала алады немесе мектепке дейінгі ұйымның нақты маманымен кездесу туралы келісуіне болады. Өтініш «Ата-аналардың сұранысын алдын-ала тіркеу журналында» тіркеледі, сондай-ақ ата-ана қалауы бойынша тіркелу парағы толтырылады (уақыты, ата-ананың және консультациялық пункт маманының толық аты-жөні). Мұндай парақ ата-ана кеңес алуға алдын-ала тіркеусіз келген жағдайда толтырылады. Егер ата-ана консультациялық пунктке баламен келуді өтінсе, клиент тек қана тіркеу парағын ғана емес, ата-ана үшін сауалнама да толтырады. Маман алынған мәліметтерге сүйене отырып, көмек берудің тиімді әдістерін таңдайды, қажетті әдебиетті, пайдалы жаттығуларды, балалар үшін ойындар мен ойыншықтарды ұсынады, коррекциялық және дамыту технологиялары бойынша оқытулар жүргізеді. Ауызша консультациялардан басқа ата-ана баспа (бүктемелер, жаднамалар, тәжірибелік материалдар топтамалары) және электронды түрдегі (фото және бейнематериалдар, флэш-карталар, балабақша сайты) пайдалы ақпараттарды алады. Егер ата-ана маман таңдауда қиналса оған әдіскер көмектеседі. Клиентпен сұқбатта пайда болған мәселені анықтап, ата-ананы қажетті құзырлы консультантқа бағыттайды. Ата-анамен ұзақ мерзімді жұмыс қажет болғанда арнайы келісім-шарт жасалады. Сабақ уақыты дара келісіледі. Келісім-шарт жасағаннан кейін мамандар анамнез жинағын (мұрагерлік туралы, ауырған аурулары жайлы мәліметтер) орындайды, баланы кезеңмен зерттейді, нәтижелерін зерттеу картасына (хаттама) тіркейді, қорытынды жазады, ұсыныстар дайындайды және ата-анаға түсіндіреді, дара жоспар бойынша баламен жұмыс ұйымдастырады. Консультациялық пункт мамандары балаға диагноз қоймайды.

Балабақшаның консультациялық пунктіне осы күнге дейін ешқандай өтініш түспеді.

Шешім:

1. Ата-аналарды балабақшаның тәрбие-оқыту процесіне жиі қатыстыру.
2. Педагог-тәрбиешілер ата-аналармен қарым-қатынасында сөйлесу мәдениетін ұсталынсын.
3. Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтауда күнделікті қауіпсіздік шаралары өткізіліп сақталынсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы,
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес №5

Хаттама №5

Күні: 30.05.2025 жыл

Қатысқандар: 30

Қатыспағандар: 5

Себеппен: 4

Себепсіз: 1

Күн тәртібінде:

- №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
Меңгеруші Саутбекова Ж.А.
- Психологиялық тренинг «Өзінді жақсы көре біл»
Педагог-психолог Мусабекова Д.Е.
- Жас мамандардың атқарған жұмыстарының шығармашылық есебі
Дене шынықтыру нұсқаушылары
Шайдолдаев Қ.Ж, Қожахметов А.С.
- Балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық көрсеткіштері, сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жылдық есебі
Медбике Рахимова Г.Ш.
- «Жетістіктер көрмесі – оқу жылы бойы өткізілген жұмыс қорытындысын жасау»
Әдіскер, тәрбиеші, педагогтар
- Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүктемелік кестесін талқылау және бекіту
Меңгеруші Саутбекова Ж.А.
Әдіскер Атыгаева А.Т.
- №5 педагогикалық кеңес шешімі

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Ж.Саутбекова – Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, талдау жасады. Ата-аналарды балабақшаның тәрбие-оқыту процесіне жиі қатыстыру және ата-аналармен қарым-қатынасында тәрбиешілердің сөйлеу мәдениетінің ұсталынуы туралы айтылды.

2. СӨЗ АЛДЫ:

Балабақша педагог-психологы Мусабекова Д.Е. педагогтардың бойындағы жағымды қасиеттерді тануға, жағымсыз қасиеттерді жоюға көмек беру және адам бойындағы қысымды түсіру, мазасыздық сезімдерін жою мақсатында балабақша ұжымымен «Өзінді жақсы көре біл» атты психологиялық тренинг өткізді.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Жас маман А.С. Қожахметовтың жетекшісі Қ.Ж.Шайдолдаевтың жылдық жүргізілген жұмысының есебі.

Шығармашылық есеп берудің мақсаты – жас мамандардың шығармашылық негіздерін арттыру, педагогикалық қызметке деген қызуғушылығына ықпал жасап, тәжірибе алмасуға әрекеттендіру; жас оқытушылар бойында құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

Кожаметов Айдын Сеилхановичке 4 топ бекітіліп берілді. Мектепалды топ, ересек топ және 2 ортаңғы топ. Дене шынықтыру нұсқаушысы ретінде тәрбие-оқыту процесіндегі барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді уақытылы жүргізіп, балабақшаның қоғамдық жұмысына да белсенді қатысып отырды. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылдың қаңтар айында өзінің бірінші ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін жақсы деңгейде өткізді. №3 педагогикалық кеңесте өзінің іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында ұжымды «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» тақырыбындағы презентациясымен таныстырды. Жыл бойы тәжірибелі дене шынықтыру нұсқаушыларының ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысып отырды.

4. СӨЗ АЛДЫ:

Балабақша медбикесі Рахимова Г.Ш. балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық көрсеткіштері, сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жылдық есебінің қорытындысымен таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында 16 топ жұмыс жасады. Барлық тәрбиешілер жылдың басынан бастап, балабақшада тәрбиеленушілердің күнделікті қатысуын, денсаулығына көп көңіл бөліп, ата-аналармен бірлесіп, түрлі балаларда кездесетін аурудың түрлерінен алдын-алу жұмыстарын жүргізіп отырды. Балалардың I және II жартыжылдықтағы салмағы мен бойларының өлшемдері алынды. Талапқа сай топтарда тазарту шаралары мен баланың дұрыс тамақтануы, шынықтыру шараларының күнделікті болуы қадағаланып отырды. Ай сайын жүргізілетін тексеру жұмыстарының нәтижесінде орын алған жұмыстар уақытысында түзетілді. Әр топта кестеге сәйкес сәулелендіру жұмысы жүйелі жүргізілді. барлық топтағы балалармен жүргізілетін журналдардың реттілігі жүйеленді. Күнделікті баланың температурасы өлшеніп, балабақшаға тазалықты сақтап қатынасуы туралы тәрбиешілерге кеңестер беріліп келді. бала денсаулығын шындалуда ата-аналарға түрлі әңгіме, кеңестер, буклеттер, түрлі қажетті парақшалармен таныстырып отырдық. Жыл бойы желпешекпен ауырған топтарға тазалық шаралары мен уақытысында сәулелендіру жұмыстары өз деңгейінде өтті. Тұмаудың орын алмауына алдын-ала қорғану шараларын ата-аналар тарапына ұсыныстар мен кеңестер берілді.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері А.Атыгаева тәрбиеші-педагогтердің жыл бойы атқарылған іс-шараларына тоқталды. Жалпы балабақшамызда 2024-2025 оқу жылында 43 педагог тәрбиеші жұмыс атқарды. Оның ішінде: тәрбиешілер - 29, ал педагогтар – 14, педагог-модератор – 14, педагог-сарапшы – 2, педагог-зерттеуші - 4 педагог. Осы оқу жылында балабақшамыздың «Жалпыадами және ұлттық құндылықтар негізінде балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру» тақырыбында жыл бойына жоспарланған іс-шаралар атқарылды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде балабақшамызда ұлттық құндылықтарға негізделген түрлі әдіс-тәсілдерді тәрбиешілер мен педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді пайдалана білді.

Балабақшамыздың жылдық жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар өз уақытында орындалып отырды. Оқу жылының басынан бастап әр топтың перспективалық жоспарлары бекітіліп, осыған байланысты циклограммалар жасалынды.

Балабақшамызда мерекелік іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалып отырды. Жаңа оқу жылының басынан бастап тәрбиешілер мен педагогтар өзінің іс-тәжірибесі мен біліктілігін арттыруда ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізді.

Педагогтардың іскерлік дағдысын көтеру бойынша нақты мәселелерге тоқталды. Балабақшаның жылдық жоспарына сай педагогикалық кеңес өткізіліп, қажетті құжаттар жинақталып, хаттамалары толтырылды. Педагог мамандармен іскерлік дағдыларын арттыру іс-тәжірибе алмасу барысында жоспарланған жұмыс түрлері бойынша балабақшаішілік, қалалық семинарлар, іскерлік ойындар, кеңестер, жас мамандармен жұмыстар жүргізілді. Педагогтердің жылдық атқарған жұмыстарының есебі анықтамада тіркелген. Жыл соңында барлық педагогтер құжаттарын өткізу барысында жыл бойы атқарған жұмысының есебін өткізіп отырады.

6. СӨЗ АЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарымен таныстырып өтті. Осы перспективалық жоспарда ұйымдастырылатын іс-әрекеттер көсетілген. Дайын түрінде барлық тақырыптар берілген. Мерекелердің тақырыптары мен өткізу түрі де анық жазылған. Әр топ өздеріңіздің кестелеріңізге сәйкес күнделікті баланың қызығушылығын арттыратындай жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру педагогтердің шеберлігіне байланысты болады.

Әр топқа күн тәртібі жасалынып, сіздерге ұсынылып отыр. Балабақша әдіскері меңгерушісі бекіткен күн тәртібімен таныстырып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары бекітілсін.
2. Педагог-тәрбиешілер жазғы кезеңінің әрбір әрекет түрлерін өткізуде бекітілген перспективалық жоспарға сәйкес ұйымдастырсын
3. Балалардың денсаулығын нығайтуда күнделікті сауықтыру шынықтыру шаралары дұрыс өткізілсін

Педагогикалық кеңестің төрайымы,
балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ж. Саутбекова

Ж. Самантаева